

БҰЙРЫҚ**ПРИКАЗ****17 шілде 2025 жыл****№247н**

Атырау қаласы

город Атырау

**Университет нысандарын жалға беру
туралы Регламентті бекіту туралы**

Университет нысандарын жалға беруге байланысты рәсімдерді оңтайландыру, мүлікті пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Университет үй-жайларын, спорттық ғимараттарын жалға беру және жабдықтарды аумақтарда орналастыру тәртібі туралы Регламент бекітілсін (қосымша жалғанды).

2. Нысандарды басқаруға және жалға беруге жауапты құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен жауапты тұлғаларына:

- бекітілген Регламент талаптарының мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ету;
- нысандарды жалға беру кезінде және жалға алушылардың пайдалануында Регламентті басшылыққа алу тапсырылады.

3. Осы Регламент талаптарын бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына және университеттің ішкі актілеріне сәйкес жауапкершілікке, оның ішінде тәртіптік, материалдық және өзге де белгіленген жауапкершілікке тартылатыны белгіленсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіздеме: Басқарма төрағасы-Ректордың көмекшісі Т.М.Кадырғазиевтің қызметтік жазбасы.

Басқарма төрағасы – Ректор**С.Идрисов**